

ӨОЖ 372.851:51-7:514; МҒТАР 14.35.09
<https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.267>Н.Б. ЖӘҢГІР¹, М.К. ТҮЙЕБАЕВ²¹PhD докторант, М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: Zhangir_nurgul@mail.ru.²химия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: meirbek.tuiyebayev@ayu.edu.kz**ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ
ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа. Қазақстандық заманауи педагогтардың басымдық беретін бағыттарының бірі, озық тәжірибелерді қолдану және тарату арқылы педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру. Сондықтан да білім беру саласы белсенді және мобильді, өз ісіне белсенділік танытып, өзінің кәсіби мақсаттарын нақты түсініп, барлық жаңа және инновацияларға оптимистік көзқараспен қарайтын педагогқа бағытталған болуы керек.

Біз мақаламызда қарастырылатын басты мәселе де осы сұраққа жауап іздеу жолындағы ізденістеріміздің нәтижесі. Бүгінгі таңда «құзыреттілік» – педагогика ғылымында негізгі базалық ұғымдардың бірі болып отыр.

Көптеген зерттеушілер құзыреттілік ұғымы білім, білік, дағдылар ұғымдарына қарағанда әлдеқайда кең екенін атап көрсетеді. Құзыреттілік ұғымы жеке тұлғаның бағытын да, оның стереотиптерді жеңу, проблемаларды сезіну, парасаттылық, ойлаудың икемділігін де қамтитынын көрсетеді. Құзыреттіліктің дағдыдан айырмашылығы саналы түрде жасалынады, ал біліктен айырмашылығы ол өзгеруге және жетілдірілуге өте бейім, білімнен айырмашылығы, ол ой-өріс әрекеті шығармашылдық (нақты практикада жүзеге асырылатын немесе ой еңбегі) түрінде болады.

Сондықтан, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесі өз жұмысында бастамашылдық танытатын, өзінің кәсіби мақсаттарын нақты білетін, барлық жаңа нәрселерге ашық және инновацияларға оптимистік көзқараспен қарайтын белсенді және мобильді мұғалімге бағытталған болуы керек.

Кілт сөздер: құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, білім, білік, дағды, білімді маман, білікті маман, рефлексия.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Жәңгір Н.Б., Түйебаев М.К. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі ұғымының мәні және оны қалыптастыру ерекшеліктері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №3 (137). – Б. 490–504. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.267>

***Cite us correctly:**

Zhangir N.B., Tuiebaev M.K. Pedagogtyн kasibi quzyrettiligi ugymynyn mani zhane ony qalyptastyru ereksheleikteri [Meaning of The Concept of Professional Competence of a Teacher and Features of its Formation] // *Iasauı universitetinın habarshysy*. – 2025. – №3 (137). – B. 490–504. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.267>

Мақаланың редакцияға түскен күні 15.01.2025 / қабылданған күні 30.09.2025

N.B. Zhangir¹, M.K. Tuyebaev²¹*PhD Doctoral Student, M. Auezov South Kazakhstan Research University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: Zhangir_nurgul@mail.ru*²*Candidate of Chemical Sciences, Senior Lecturer
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: meirbek.tuiyebayev@ayu.edu.kz*

Meaning of The Concept of Professional Competence of a Teacher and Features of its Formation

Abstract. One of the priorities of modern Kazakhstani teachers is to improve the professional skills of teachers through the use and dissemination of best practices. Therefore, the field of education should be active and mobile, focused on a teacher who is active in his business, clearly understands his professional goals and is optimistic about all new and innovations.

The main point, which we will consider in our article, is also the result of our searches in search of an answer to this question. Today, “competence” is one of the main basic concepts in pedagogical science.

Many researchers emphasize that the concept of competence is much broader than the concepts of knowledge, skills, and abilities. The concept of competence indicates both the orientation of the individual and the fact that it includes overcoming stereotypes, awareness of problems, rationality, flexibility of thinking. Competence differs from skill in that it is created consciously, and, unlike skill, it is very prone to change and improvement, unlike knowledge, it is thought activity in the form of creativity (carried out in real practice or mental work).

Therefore, the modern education system in Kazakhstan should be focused on an active and mobile teacher who takes the initiative in his work, clearly knows his professional goals, is open to everything new and is optimistic about innovations.

Keywords: competence, professional competence, knowledge, skills, abilities, educated specialist, qualified specialist, reflection.

Н.Б. Жәңгір¹, М.К. Түйебаев²¹*PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: Zhangir_nurgul@mail.ru*²*кандидат химических наук, старший преподаватель
Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: meirbek.tuiyebayev@ayu.edu.kz*

Сущность понятия профессиональной компетентности педагога и особенности ее формирования

Аннотация. Одним из приоритетных направлений деятельности современных казахстанских педагогов является совершенствование профессионального мастерства педагогов путем применения и распространения передового опыта. Поэтому сфера образования должна быть активной и мобильной, ориентированной на педагога, который активно занимается своим делом, четко понимает свои профессиональные цели и оптимистично относится ко всем новым и инновациям.

Главный вопрос, который мы рассматриваем в нашей статье, также является результатом наших поисков ответа на этот вопрос. На сегодняшний день «компетентность» – одно из основных базовых понятий в педагогической науке.

Многие исследователи отмечают, что понятие компетентности гораздо шире понятий знаний, умений, навыков. Понятие компетентности предполагает как направленность

личности, так и ее способность преодолевать стереотипы, чувствовать проблемы, рациональность, гибкость мышления. Отличие компетентности от навыка делается осознанно, а в отличие от умения оно очень подвержено изменениям и совершенствованию, в отличие от знания оно принимает форму созерцательного действия (осуществляемого на реальной практике или мыслительного труда).

Поэтому современная система образования в Казахстане должна быть ориентирована на активного и мобильного учителя, который проявляет инициативу в своей работе, четко знает свои профессиональные цели, открыт ко всему новому и оптимистично относится к инновациям.

Ключевые слова: компетентность, профессиональная компетентность, знание, умение, навыки, образованный специалист, квалифицированный специалист, рефлексия.

Кіріспе

Қазіргі әлемдегі экономикалық, саяси, әлеуметтік, демографиялық мәселелер және жаңа технологиялардың өте шапшаң жылдамдықпен дамуы мен ақпараттардың шамадан тыс көптігі, сол сияқты қоғамдағы басқа да өзгерістер, адамзат алдына өте күрделі, бірақ тез шешуді қажетсінетін мәселелерді қойып отыр. Бұның себебі – адамзат өз дамуының өзіне таныс емес жаңа постиндустриалды дәуірге қадам басқандығы еді. Постиндустриалды қоғам деген ұғымды 1959 жылы Гарвард университетінің профессоры Д. Белл алғаш рет қолданды. Содан бері бұл ұғым бүкілхалықтық мойындауға ие болып, индустриалды сектордың қоғамдағы жетекші рөлінен айырылғандығын білдіретін жаңа ұғым болып қалыптасты.

Адамзат өз тарихында бұрын-соңды басынан кешірмеген аумалы-төкпелі заманда «Білім беру саласы қандай болуы керек? Оның атқаратын функциясы мен міндеті қандай?» – деген сұрақтар осы өмір талабынан туындайды.

Білім беру саласының ең басты міндеттерінің бірі – жастарды мектептен кейінгі өмірге дайындау. Сондықтан да заманауи білім беру саласының алдына қойылатын талап жастарды соқпағы көп, сүрлеуі жоқ, бәсекеге негізделген нарық заманындағы аумалы-төкпелі өмірге дайындау болғандықтан, қазіргі білім беру саласының да мақсаты өзгеше болу керек. Қазіргі қазақстандық мектертерде кеңестік дәуірде қалыптасқан педагогикалық ұстаным мен 2012 жылдан бері еліміздің білім беру саласына НЗМ арқылы ендіріліп жатқан инновациялық педагогикалық технологиялар қатар жұмыс жасап келеді [1]. Кеңес үкіметінің құрылымы да, азаматтардың алдына қойылатын талап та қазіргі нарықтық талаптан басқаша болатын. Кеңес дәуірінде «нарықтық бәсекелестік» болған жоқ, оның орнына «социалистік жарыс» болды. «Бәсекелестік» пен «жарыс» сөздерінің арасы көк пен жердей екендігі айтпаса да түсінікті. «Бәсекелестік» термині «қатыгездік, аямаушылық» сөздерімен астарласып жатқандығы да бар. Егер біз адамның іс-әрекеті, шешімі және көзқарасы оның ұстанымына байланысты десек, қазіргі кезде осы ұстаным өзгерді.

Қазіргі кезде, тек қана Қазақстан емес, барлық коммунистік лагерьде болған елдер, өзінің даму жолдарындағы орын алып жатқан үлкен «секірмелі» өзгерістерді толық түсініп, оны бағалап жатыр деп айтудың өзі де қиын. Ал, білім беру саласы қоғамның сұраныстарына сай мамандар даярлауды өз міндетіне алатындықтан, осы мәселенің заманауи педагогтар үшін қаншалықты қиын екендігін де осыдан түсінуге болады.

Жоғарыда келтіргендей, білім беру саласының басты міндеті – білім алушыларды білім ордасынан ұшып шыққаннан кейін, өз беттерінше еркін шешім қабылдап, тәуелсіз өмір сүруге бейімдеу болғандықтан, «нарық заманындағы «бәсекелестік» үстемдік ететін ортада жастарымыз қандай қабілеттерге ие болуы керек және ол қабілеттерді тұлға бойына қалай қалыптастырамыз?» – деген мәселе бүгінгі білім беру саласының басты сұрағы болып қала береді. Сонымен қатар, үздіксіз дамуды қажет ететін білім беру жүйесінің табыстылығы,

қазіргі заман сұранысына ие «сын тұрғысынан ойлау» және «стандартты емес» мәселелерді шешу сияқты бәсекеге қабілеттілігі жоғары қабілеттерді білім алушылардың бойына қалай қалыптастыратындығына да байланысты болмақ.

Қазіргі уақытта «құзыреттілік» – педагогика ғылымының негізгі базалық ұғымдарының бірі. Көптеген ғалым-зерттеушілер құзыреттілік ұғымы ертеден келе жатқан білім, білік, дағдылар ұғымдарына қарағанда әлдеқайда кең екенін атап көрсетеді.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мәселесін көптеген педагогтар, философтармен психологтар зерттеген. Құзыреттілік туралы зерттеулер соншалықты көп болғанымен, осы уақытқа дейін оның құрамындағы компоненттерді және оның даму жолдарын анықтауда әлі де нақты келісілген ортақ пікір жоқ [2]. Бұл құзыреттілік ұғымның қандай компоненттерден тұратынын дөп басын айтудың қиындығы, бұл ұғым өзінің бойына көптеген құндылықтарды сіңіріп алғандығында болып тұр. Сондықтан да мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту тәсілдерінің жеткіліксіз негізделуіне байланысты бұл тақырыптың өзектілігі әлі де сезіледі. Әсіресе, қазіргі уақытта қазақстандық білім беру жүйесі заманауи инновациялық технологиялармен қамтылуына байланысты мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі ерекше маңызға ие.

Өкінішке орай, тәжірибе көрсеткендей, бұл қойылған талаптар барлық мұғалімдерде қалыптасып жатыр деп айтуға келмейді. Бұның ең басты себебі, мұғалімдердің көпшілігінің мобилді еместігі. Ал оның себебі, мұғалімдер «жайлы аймақтан» шыққысы келмейтіндігінде болып тұр. Осының салдарынан олардың көпшілігі өте тез өзгертін әлеуметтік, экономикалық, кәсіби жағдайларға бейімделуде үлкен қиындықтарға тап болып отыр. Міне осы мәселелер, кәсіби-психологиялық проблемалар тудыруы мүмкін – ішкі наразылықтан, әлеуметтік қарама-қайшылықпен агрессияға дейін жеткізуі мүмкін. Бұндай жағдайда қоғам алға жылжудың орнына бір орнында қалуы немесе кері кетуі де ықтимал. Сондықтан, білім беру саласында жұмыс істейтін мұғалімдерді қоғамның сұранысына сай дайындаудың табысты болуы – олардың өзгермелі өмір қажеттіліктеріне өзінің кәсіби қызметін икемді және жедел әрекет етуге дайындығымен анықталады. Міне, осыдан барып еліміздегі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту білім беруді реформалаудың маңызды шарттарының біріне айналады.

Мұғалім – аса жан-тәніңмен беріле қызмет етуді талап ететін ең күрделі мамандықтардың бірі. Оның күрделілігі – оның өзінің ғана құзыретті тұлға болып қалыптасуы емес, алдына келген оқушылардың бойына болашақта қажет болатын құзыреттілікке сай дағдыларды қалыптастыруына қолдау жасап, бағыт-бағдар беруінде болып тұр. Мұндағы жұмыстың тағы бір қиындығы сүйемелдеу мен бағыт бағдарды бір ғана оқушыға емес, сыныптағы барлық оқушыға беруіңіз қажет. Сонымен қатар, оның күрделілігі қоғамның қазіргі дамуы жағдайында мұғалімге қойылатын жоғары талаптардың – ғылыми-техникалық прогрестің жеделдетілуі (жаңа технологиялардың үлкен жылдамдықпен өзгеруі), ақпараттардың шамадан тыс өсуі мұғалімдерге өз қызметіне аса үлкен күш жұмсай отырып жұмыс жасауын талап ететіндігінде.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Болашақ мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыруда, педагогтың кәсіби құзыреттілігі ұғымының мәні және оны қалыптастыру ерекшеліктеріне талдау жасауымыз керек.

Зерттеу жұмысын жүргізу үшін төмендегідей әдістер қолданылады :

- зерттеу тақырыбы бойынша тұжырымдамаларға теориялық тұрғыдан талдау жасау;
- зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау.

- зерттеу жұмысы осы бағыттағы отандық, алыс және жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін саралай отырып жасалынған талдау нәтижелеріне сүйеніп педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделін жасау.
- Тәжірибе барысында отандық, шетелдік әдебиеттерге шолу жасалды.

Талдау мен нәтижелер

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіне сыртқы факторлар – қоғамдағы өте тез жүріп жатқан өзгерістер айтарлықтай әсер етеді. Ол заңды да, себебі білім беру жүйесі қоғамның сұранысына қарай мамандар даярлауы керек. Ал, бұл сұраныс өте жылдам өзгеруде. Мысалы, 5–6 жылдан кейін қандай мамандықтарға сұраныс көп болатынын дөп басып ешкім айта да алмайды. Ал, жаңадан сұранысқа ие болған мамандықтарға, түбегейлі жаңа талаптар қойылады. Жаңа мамандықтардың үнемі өсуі, әлемдік дамудың бірқатар тенденцияларынан туындайды.

Сондықтан, білім беру саласына әлемдік дамудың бірқатар тенденцияларынан туындаған мынандай жаңа талаптар қойылды:

- қоғамдағы жаңа технологиялардың қарқынды дамуы оқушыларды өзгермелі өмірге дайындауды талап етеді;
- жаһандау процесіндегі ұлтаралық қарым-қатынас ауқымының ұлғаюы мектеп түлектеріннен коммуникабельділік пен толеранттылықты талап етеді [3].

Осындай заманауи талаптарға сай болу үшін білім беру саласы әкімшіліктерінің мектепке қоятын талаптары өзгеруі керек және осының нәтижесінде мұғалімнің ұстанымы да өзгеруі керек. Мұғалім өзінің ұстанымын жоғарыда көрсетілген талаптарға сай өзгерту арқылы, яғни өздерінің қоғам алдындағы жауапкершілігін сезініп, өзінің дамуын құндылық ретінде қабылдап және үздіксіз дамуға дайын бола отырып іске асыра алады. Осылайша, ең алдымен мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ерекше талаптар қойылуы керек.

Құзыреттіліктің батыс еуропалық моделі күрделі мәселелерді шешудің жолдарын өз бетінше таба білу, жаңа білімді, дағдыларды өз бетінше игеру, өзінің жеке басы туралы жағымды түсінік, ортамен гөрі, жеке тұлғалық қабілеттеріне көбірек жатқызады [4]. Бұл дұрыс та, себебі адамның қолынан не келетіндігі оның қабілетіне байланысты.

Б.Д. Элконин құзыреттілікті «адамның іс-әрекетке кірісу өлшемі ретінде анықтайды. Жеке адамның ішкі ұйымында бір нәрсе болуы емес, бар нәрсені пайдалану мүмкіндігі маңызды» деп анықтама береді [5].

Біздің пайымымыз бойынша бұл да өте дұрыс анықтама. Себебі, адам өзінің неге шамасы келетіндігін, неге шамасы келмейтіндігін толық біле бермейді. Адамның ішкі мотивациясы – таусылмас энергия көзі. Біз бұны адамның өзгелермен қарым-қатынас жасап, өзіне деген көзқарасын қалыптастыратын «МЕН» концепциясымен былай түсіндіргіміз келеді: М – мақсат; Е – еңбек; Н – нәтиже. Кез келген адамды «жайлы аймақтан» шығаратын да, ішкі мотивацияны тудыратын – мақсат және мақсатқа сай әрекет болуы керек.

С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведовтың орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «Құзыреттілік» ұғымы – белгілі бір саланы білетін, хабардар, беделді адам ретінде қарастырылады [6].

М.П. Чошанов құзыреттілікті кәсіптік даярлықтың түбегейлі жаңа сапасы ретінде анықтайды. М.П. Чошанов пікірінше, құзыреттілік кәсіби білім мен дағдылар жиынтығының ерекше сапасы ретінде келесідей көрінеді:

-құзыретті адамның білімі оперативті және мобилді, олар білімін үнемі жетілдіріп отырады;

-құзыреттілік мазмұнды (білім) және процедуралық (біліктерді) компоненттерін қамтиды.

-проблеманың неде екенін білу мен қатар, оны тәжірибеде қалай тиімді шешуді, сонымен қатар, қолданған әдістің икемділігі құзыреттіліктің басты сипаттамасы болып табылады;

-құзыреттілік оңтайлы шешімдерді таңдауды, аргументтелген дәлелдеуді, жалған жолдарды қабылдамауды, яғни сыни ойлау қабілетіне ие болуды қамтиды деп көрсетеді [7].

В.С. Шишов мен В.А. Калнейдің айтуы бойынша, құзыреттілік – бұл оқыту арқылы алынған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділікке негізделген жалпы қабілет [8].

А.М. Новиков «құзыреттілік» ұғымын «кәсіпқойлық» ұғымына балама ретінде қарастырады. Кәсіпқойлық, автордың пікірінше, технологиялық дайындыққа жатады, ал құзыреттілік компоненттері кәсіпқойлықтан жоғары сипаттағы «базистік квалификация» деп аталатын мазмұнды қамтиды [9].

Жалпы, шетелдік ғалымдар құзыреттілікті жеке тұлғаның нақты дағдылармен байланыстырмай, көпшілік жағдайда тұлғаның жалпы мінезіне жатқызады [10–15].

Құзыреттілік тақырыбы отандық ғалымдар да өз еңбектерін арнады. Атап айтқанда, педагогтардың кәсіби-зерттеушілік мәдениеті туралы З.А. Исаеваның [16] және Ш.Т. Таубаеваның [17] еңбектерінде қарастырылды. ЖОО-да педагогтардың ғылыми-зерттеушілік еңбектерінің даму тарихы мен теориясы мәселелеріне Е. Оналбеков [18], А. Құдайбергенова [19], Г. Ахметова [20], А. Мыңбаева [21], А. Болатбаева [22] және т.б. өздерінің ғылыми еңбектерін арнаған. Ал, кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық мәселелерін Б.Т. Кенжебеков (жоғары оқу орнында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі) [23], Ж.Ж. Турсынова (жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру) [24], К.С. Құдайбергенова (құзырлылық білім сапасының критерийі) [25] және т.б. ғалымдар зерттеген. ЖОО-ы білім беру жүйесінде болашақ мамандардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесін PhD дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыстарында А. Мизимбаева [26], Г. Жексембаева [27], А. Сыздықбаева [28] және т.б. қарастырған.

Біз бұрынғы жарияланған еңбектерімізде «құзыреттілік» терминіне талдау жасай отырып, оны тұлға бойына қалай қалыптастыруға болатыны туралы өз моделімізді жазып келтіргенбіз [29–32]. Біз бұл еңбектерімізде:

-постиндустриалды дәуірдің өзгешіліктерінің бірі – жаңа технологиялардың өте шапшаң дамуы;

-XXI ғасырда білім беру саласына не себепті құзыреттілік парадигмасынан қараудың қажеттілігі;


-құзыреттіліктің білім, білік, дағды ұғымынан айырмашылықтары мен ерекшеліктері қарастырылады.

Білім беру саласы қоғамның сұранысын қалыптастыруы қажет, яғни мемлекет қажеттілігіне қарай мамандар дайындауы керек

Сызба 1-дан көріп отырғанымыздай нарық заманы өз қызметін автоматты түрде үздіксіз қайталай беретін “шебер” маманды емес (ББД, Тұлғалық және Кәсіп ұяшықтары), өте үлкен жылдамдықпен өзгеріп жатқан жаңа технологияларға тез бейімделіп, оларды тез меңгеретін мақсатты, мобилді, сыни ойлау және коммуникативті қабілеттері (соңғы төрт ұяшық) бар тұлғаларды қажетсінетіні айтылған еді. Сондықтан да, ұсынылған «құзыреттілікті қалыптастыру» моделінде (1-сызба) заманауи тұлғаның мақсат қоя білуі, ұтқырлығы, сыни ойлау және коммуникативті қабілеттері «білім, білік және дағды» ұғымдарынан бөлек тұр. Біз ұсынған бұл модель – қоғам үшін «жалпы құзыретті тұлғаны» қалыптастыру моделі.

Біздің қазіргі қарастырып отырған мәселеміз, мақала тақырыбынан көрініп тұрғандай «Педагогтың кәсіби құзыреттілігі». Міне сондықтан да өзіміздің бұрынғы жалпы құзыреттілік қалыптастыру туралы ұстанымызға қайта оралып, оған басқа проекциядан қарауды талап етіп тұр. Бұл түсінікті де, себебі кезкелген ғылыми мақала сол кездегі қарастырған мәселенің

түпкілікті шешілген жауабын бере алмайды. Олай болғанда білімнің дамуы тоқтап қалар еді. Біз бұл еңбегімізде де «құзыреттілік» ұғымына анықтама бергеннен құзыретті тұлғаны қалыптастыру мәселесіне басымдық береміз.



1-сызба – Құзыреттіліктің (жалпы) қалыптасу моделі

Біздің қазіргі қарастырып отырған мәселеміз, мақала тақырыбынан көрініп тұрғандай «Педагогтың кәсіби құзыреттілігі». Міне сондықтан да өзіміздің бұрынғы жалпы құзыреттілік қалыптастыру туралы ұстанымызға қайта оралып, оған басқа проекциядан қарауды талап етіп тұр. Бұл түсінікті де, себебі кезкелген ғылыми мақала сол кездегі қарастырған мәселенің түпкілікті шешілген жауабын бере алмайды. Олай болғанда білімнің дамуы тоқтап қалар еді. Біз бұл еңбегімізде де «құзыреттілік» ұғымына анықтама бергеннен құзыретті тұлғаны қалыптастыру мәселесіне басымдық береміз.

Дәстүрлі білім беру «Білім, білік, дағды» терминдер бірлестігі құрастыратын ұғымда, оқу құралынан, аудиториядан алған теориялық білімді практикада қалай қолданамыз және осы үрдісті қалай дағдыға айналдырамыз деген түсінік шеңберінде қарастырып келді және бұл ұстаным сол кездегі білім саласына қойылатын талапты қанағаттандырды да.

«Ескіні ұмытпай, жаңаны меңгерген адамды ұстаз десе болады» деп Конфуцийдің қанатты сөзіне сүйене отырып, біздің қарастырып отырған мәселеміз педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру болғандықтан, «Білім, білік, дағды» терминдеріне жаңа

проекциядан қарау керек деген шешімге келдік. ХХІ ғасыр қажетсінетін білім тек пәндік біліммен шектелместен, адамның жеке қасиеттері мен тұлғалық қабілеттеріне негізделетін, өзгелермен тиімді қарым-қатынас жасауға, командада жұмыс істеуге, мәселелерді шешуге, эмоцияларды басқаруға көмектесетін дағдыларды қалыптастыруға бағытталған болуы керек. Кәсіби құзыретті педагог білім ордаларында берілетін (өлшенетін) білімдермен қатар, осы қабілеттер мен қасиеттерді өзінің ізденісі арқылы сырттан (кітаптан, интернет желісінен, тренингтер мен семинарлардан, т.с.с.) келген ақпараттарды жүйелендіру нәтижесінде меңгеріп, дағдысына айналдыруы керек. Ал, сол меңгерілген білімдер үнемі толықтырулар мен жетілдірулерді талап етеді. Міне осыдан «кәсіби білімді маман» қалыптасады.

Біз жоғарыда аталған біршама авторлардың (М.П. Чошанов, В.С. Шишов, В.А. Калней, А.М. Новиков) пікірлерін ескере отырып, педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін оның теориялық білімі, сөзсіз практикамен (білікпен) ұштасуы керек деп ойлаймыз. Сонымен қатар, «білік» термині «білікті маман» терминімен ауыстырғанда ғана оның мағынасы толық ашылады және қабылдауға да жеңіл. Білікті маман дегеніміз – тұлғаның қолынан не келеді, нені істей алады және алдына қойылған мәселелерді шеше ала ма? - деген сұрақтарды толық қамтиды. Қолданбалы ғылым кейде бізден теориялық білімнен гөрі түсінікті, пайымды, біліктілікті көбірек қажет етеді. Ал түсінік, пайым және білік көпшілік жағдайда тәжірибе арқылы келеді. Педагогикалық білік (іс-әрекет) – бұл тұлғаны кәсіби тұрғыдан дамыту міндеттерін шешуге бағытталған және тиісті теориялық білімге негізделген, педагогикалық іс-әрекеттердің жиынтығы. Сонымен, білімді маман деп теориялық білімді тұлғаны, білікті маман деп қолданбалы білімі (тәжірибелік білімі) бар тұлғаны айтамыз. Педагогикалық білікті туралы бірнеше көзқарастар мен ұстанымдар да бар [34].


Міне осыдан-ақ, кәсіби құзыретті педагогтың алдына қойылатын талаптар оқу орындарындағы пәндік білімнің шеңберінен шығып кететіндігін көруге болады. Сондықтан, кәсіби құзыретті педагог өз оқушыларының бойына алдына мақсат қоя алатын, өзгеріске бейім (ұтқыр), сыни ойлай алатын, адамдармен тіл табыса алтын (коммуникативті) қабілеттерді қалыптастыра білуі үшін, бұл қабілеттер педагогтың бойында да болуы керек. Білім де (пән бойынша), педагогикалық білік те (іс-әрекет) – кәсіби құзыреттіліктің қажетті, бірақ, әлі де болса жеткіліксіз шарты. Себебі, кәсіби құзыретті педагогқа қойылатын негізгі заманауи талаптардың бірі – үздіксіз жетілу дағдысы.

Дағды терминін «әдет» сөзінің баламасы ретінде де қолдануға болады. Бұндай жағдайда, кәсіби құзыретті маманға қойылатын үздіксіз жетілу талабы сыртта қалып қояды. Сондықтан, «құзыретті тұлға нені дағдыға айналдыру керек?» деген сұраққа, ол өзінің педагогикалық білімі мен білігіне барлық уақытта рефлексия жасап отыруы керек. Яғни, барлық уақытта өзінің білімі мен білігін жетілдіріп отыруы керек. Біз осы жерде «рефлексия дегеніміз не?» деген сұраққа да тоқталып кеткіміз келеді. Көпшілік жағдайда рефлексияны талдаумен, кері байланыспен шатастырып жатады. Талдау рефлексияға қарағанда мағынасы тар ұғым. Талдауда тек сабақта жіберілген олқылықтар мен жетістіктер айтылады. Ал, рефлексияда өз тәжірибесінде жіберілген олқылықтарды түзету және жеткен жетістіктерді дамыту жолдары қарастырылып, оларды ары қарай дамыту үшін, қайтадан жаңа түзетілген жоспар құрылады (1-сурет). Рефлексия өз тәжірибенді (біздің жағдайда білім мен білікті) жетілдіретін – терең ойлау процессі. Педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда рефлексияның атқаратын рөлі өте жоғары. Яғни, кәсіби құзыретті педагог ол – өз практикасына зерттеу жүргізе алатын зерттеуші педагог.



1-сурет – Рефлексия


Педагогтың үздіксіз дамуы тек рефлексия арқылы жүзеге асады. Тек үздіксіз даму арқылы ғана педагог кәсіби құзыретті педагогқа айнала алады. Рефлексия дегеніміз – адамның өз іс-әрекетін және тәжірибесін терең талдау мен зерделеуден кейін, оған жаңадан «түзетілген жоспар» құру арқылы жетілдіру. Сонымен, рефлексияны педагогтың өмір бойы қайталанып отыратын үздіксіз даму циклінің өзегі деп те түсінуге болады (2-сурет).



2-сурет – Үздіксіз даму циклі

Біз жоғарыда «қолданбалы ғылым кейде бізден білімнен гөрі түсінікті, пайымды және біліктілікті көбірек қажет етеді, ал түсінік, пайым және біліктілік көпшілік жағдайда тәжірибе арқылы келеді» деп көрсеттік. Сондықтан, біз педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогтың алдына мақсат қоя білуі, өзгерістерге бейімделе білуі, сыни

ойлауы мен коммуникативті қабілеттерді өз бойларына қалыптастыра білуі іс-әрекетпен яғни білік арқылы жүзеге асады деген тұжырымға келдік (2-сызба).



2-сызба – Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу моделі

Себебі, мақсат қоя білу, ұтқырлық, сыни ойлау және коммуникативті қабілеттер тек үздіксіз жаттығулар жасау арқылы қалыптасып, рефлексия арқылы жетілдіреді. Бұл қабілеттерді ешкім бірден бойына қалыптастыра алмайды және бұндай қабілеттер тәжірибе арқылы жиі қолданудың нәтижесінде дамып, дағдыға айналады. Адамдармен көп араласқан сайын, түрлі жағдайларда сыналған сайын шыңдала береді. Ең кереметі бұл дағдылар ұжымда тиімді жұмыс жасауға көмектеседі.

Сонымен, заманауи педагог өзінің бойына кәсіби құзыреттілікті пәндік білімі мен өзінің тәжірибесі – іс-әрекеті арқылы қалыптастыра алады. Ал, өзінің «іс-әрекетін неден бастау керек» деген сұраққа жалғыз дұрыс жауап бар. Ол – өзінің алдына мақсат қоя білу қабілетін жетілдіріп, оны дағдыландырудан бастау керек. Мақсаттың жәй арманнан айырмашылығы мынада. Мақсат орындалу уақыты көрсетіліп, қағазға нақты жазылуы керек. Егер сіздің мақсатыңыз сізге мотивация бермесе, ол сіздің мақсатыңыз емес. Алдыңыздағы кедергілерді тек мотивацияңыздың көмегімен жасалынған табандылығыңыздың күшімен жеңе аласыз. Ал, мақсатыңызды бірнеше бөліктерге бөлсеңіз, онда сіздің мақсатыңызға жетуге арналған жоспарыңыз шығады. Егер алдыңызға қойылған мақсатты қандай да бір кедергілердің себептерінен орындай алмасаңыз, онда мақсатты емес, тәсілді өзгертіңіз (2-сызба, бірінші ұяшық). Бұл біріншіден, екіншіден, сіздің мақсатыңыз сізді жылдар бойы қалыптасып қалған «жайлы аймақтан» шығаруы керек. Бұл сізді бұрынғы қалыптасқан әрекеттеріңізге өзгерістер енгізуге әкеледі. Осының нәтижесінде сіз өзіңізді қоршаған ортадағы болып жатқан өзгерістерге жатырқап қарамай, тез бейімделесіз және соған қарай әрекет жасауды үйренесіз. Тіпті, кейде қоғамның дамуы үшін өзгерістерді өзіңіз жасайтын жағдайға да жетесіз. Бұл қасиет сізге болашақты болжауға да көмектеседі (2-сызба, екінші

ұяшық). Адамның бойына өзгеріске бейімдеушілік қабілеті осылай қалыптасады. Үшіншіден, ХХІ ғасыр жоғарыда келтіргендей өте өзгеше ғасыр. Бұның өзгешілігі жаңа технологиялардың өте тез дамуы, саяси және экономикалық тұрақсыздықтарында. Бұл мәселер өте күрделі және шұғыл шешуді талап ететіндіктен, ойлаудың ерекше (неординарный) түрі – сын тұрғысынан ойлауды қажетсінеді. Сын тұрғысынан ойлаудың мағанасын тереңірек түсіну үшін, сын тұрғысына ойлауға, ойлаудың үш түрін жатқыздық. Олар: а) ойлау туралы ойлау; б) синергетикалық ойлау; в) биосоциативті ойлау. Ойлаудың бұл түрлерін Венн диаграммасы, ақылдың алты қалпағы, өз тәжірибеңізге рефлексия жасау, ЖИГСО тағы сияқты интербелсенді тәсілдер арқылы қалыптастыруға болады (2-сызба, үшінші ұяшық). Төртіншіден, ХХІ ғасырда жеке тұлғалық емес командалық жұмыстар нәтижелі болатыны анық. Сондықтан, ұжымды басқару, ұжыммен жұмыс жасау тек педагогтар үшін ғана емес кез келген ұжым үшін құнды және бұл қабілеттеді қалыптастыру көпшілік жағдайда диалогтағы сөз мәдениетіне байланысты. Диалогтағы сөз мәдениеті оқушылар үшін қалыптастырушы бағалау мен кері байланыста ерекше орын алады және жетістік кепілі болып табылады (2-сызба, төртінші ұяшық).

Міне, осы төрт қабілет пен қасиет заманауи педагогтың бойында қалыптасып, оны қолдануды дағдыға айналдырғанда ғана, құзыретті педагог қалыптасады.

Қорытынды

Тұлғаның өз бетінше білім алуы, ізденуі оның тек алға қойған мақсатына байланысты болмақ. Мақсат адамға мотивация беретін ішкі энергия көзі десе де болады. Заманауи тұлға мына жаңа технологиялардың өте жылдам даму заманында бір мақсатпен шектелуіне де болмайды. Адам өзінің өмірлік міндетін орындауы үшін оның өмірінде бірнеше мақсат болуы керек. Яғни «мен мақсатыма жеттім» деп тұралап қалуға болмайды, бұл біріншіден. Екіншіден, мына өзгерісі жылдам өмірде мақсат өзіне түзетулер ендіруді қажетсінеді.

Құзыретті тұлға жоғарыда айтылғандай өзгеріске бейім ғана емес, қажеттілігіне қарай өзгерісті өзі де жасай алуы керек. Міне осыдан барып құзыретті тұлға үшін ойлаудың логикалық немесе басқа түрлерінен гөрі сыни ойлауға басымдық бергені абзал. Сыни ойлау – сынау емес. Сыни ойлауда (критический) қандай да бір әлеуметтік, саяси, қаржылық немесе уақыттың тапшылығы сияқты қыспақ бар. Біз тұлғаның сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруды дағдыға айналдыруы үшін, ойлаудың бұндай түрін үшке(ойлау туралы ойлау, синергетикалық ойлау, биосоциативті ойлау) бөлдік.

ХХІ ғасырда құзыретті тұлғаның жеке жұмысынан гөрі, құзыретті тұлғаның жанына идеялас әріптестерімен бірге жасаған командалық жұмысы табысты болады. Сондықтан тұлғаның команда құра білуі үшін, қоршаған ортасымен тіл табысуы және олардың күш-жігерін бір фокусқа шоғырландыруы керек. Бұндай жағдайда коммуникацияның рөлі ерекше болмақ.

Ал, педагогтың да, кезкелген басқа мамандардың үздіксіз жетілуін тек рефлексия қамтамасыз ете алады. Рефлексияның педагог тәжірибесінің жетілуіне қосатын үлесі өте зор. Өз тәжірибесіне рефлексия жасау арқылы ғана мұғалім жәй қатардағы педагогтан «зерттеуші педагогқа» айнала алады.

Енді, «педагог өзінің қандай қабілеті мен қасиетін дағдыға айналдыруы керек» деген сұраққа тоқталайық (2-сызба – Дағды ұяшығы). Кәсіби құзыретті педагог мақсат қоя білу, өзгеріске бейім және қажет кезінде өзгерісті өзі жасай білу, адамдармен тіл табыса білу, сыни ойлай білу сияқты қабілеттерді меңгеріп, оларды өзінің тәжірибесінде қолданып оған үнемі рефлексия жасап отыруды дағдыға айналдыруы керек.

Біз, өз еңбегімізде қазіргі дәстүрлі болып қалған шетелдік және отандық еңбектерде айтылып жүген педагогтың кәсіби құзыреттілігінің құраушыларына - ақпараттық-цифрлық құзыреттілік, зерттеушілік құзыреттілік, рефлексивтік құзыреттілік т.с.с. құзыреттіліктерге

бөлмедік. Себебі, осы аталып отырған құзыреттіліктердің кезкелгенін қалыптастыру, адамның бойына қандайда бір қабілеттерді дағдыландырудан басталады. Екіншіден, педогогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, қандай да бір маманның (инженер, врач, агроном) құзыреттілігін қалыптастырудан өзгеше. Себебі, сыныптағы ұстаздың алдына болашақ инженерде, врачта, агрономда отыруы мүмкін. Үшіншіден, 2-сызбада келтірілген төрт қабілетті адамның бойына қандай жаңа тәсілдермен қалыптастыруға болатынына да толық тоқталмадық. Біз тек мысалы, зерттеушілік құзыреттілікті рефлексия арқылы жүзеге асыра алады деген сияқты аздаған бағыт-бағдар берумен шектелдік. Себебі, бұл тақырыпты зерттеу әлі де жалғасын табады.

Сөз соңында, «құзыреттілік» ұғымы өте күрделі ұғым. Сондықтан біздің ұсынып отырған «педагогтың кәсіби құзыреттілік» моделі авторлардың өзіндік ізденісінен шыққан нәтиже.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық: I-II-III деңгейлер. – Астана: «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясы, 2016. – 260 б.
2. Печеркина А.А., Сыманюк Э.Э., Умникова Е.Л. Развитие профессиональной компетентности педагога: теория и практика: монография. – Екатеринбург: Урал. гос. пед. ун-т., 2011. – 233 с.
3. Разуваева Т.Н. Социально-психологическая структура педагогического коллектива как субъекта инновационной деятельности. – Сургут: ОАО «Сургутский государственный педагогический университет», 2009.
4. Равен Д. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. – М.: Когито- Центр, 2002. – 396 с.
5. Эльконин Б.Д. Понятие компетентности с позиций развивающего обучения // Современные подходы к компетентностноориентированному образованию. – Красноярск, 2002.
6. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка [Электронный ресурс]. URL: <https://ozhegov.info/slovar/> (қаралған күні 11.10.2024)
7. Чошанов М.А. Дидактическое конструирование гибкой технологии обучения // Педагогика. – 1997. – Т. 2. – С. 21–29.
8. Кальней В.А., Шишов С.Е. Непрерывность как принцип повышения квалификации // Вестник РМАт. – 2016. – №2. – С. 93–97.
9. Новиков А.М. Интеграция базового профессионального образования // Педагогика. – 1993. – №3. – С. 3–5.
10. Кузьмина Н.В. Способности, одаренность, талант учителя. – Л.: Знание, 1985. – 32 с.
11. Андропова Н.В. Умение разрабатывать психолого-педагогические рекомендации как компонент психологической компетентности учителя: автореф. ... канд. психол. наук. – Казань, 2000. – 20 с.
12. Костылева Н.Е. Психолого-педагогические условия эффективности управления развитием профессиональной компетентности учителя в процессе гуманизации и демократизации школы: дис. ... канд. пед. наук. – Казань, 1997. – 252 с.
13. Рогов Е.И. Учитель как объект психологического исследования: Пособие для школьных психологов по работе с учителем и педагогическим коллективом. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1998. – 496 с.
14. Добудько Т.В. Формирование профессиональной компетентности учителя информатики в условиях информатизации образования: дис. ... док. пед. наук. – Самара, 1999. – 349 с.
15. Волкова Е.Н. Субъектность педагога: теория и практика: дис. ... док. психол. наук. – Москва, 1998. – 308 с.
16. Исаева З.А. Формирование профессионально-исследовательской культуры педагога в системе университетского образования: Автореф. ... док. пед. наук. – Алматы, 1997. – 47 с.
17. Таубаева Ш.Т. Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы. – Алматы: Әлем, 2000. – 381 с.

18. Онолбеков Е.С. Взаимодействие университета и общеобразовательной школы по организации профильного обучения учащихся старшей ступени: автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2010. – 26 с.
19. Құдайбергенова А.М. Развитие системы непрерывной научно-исследовательской работы студентов в классических университетах Республики Казахстан: дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2010.
20. Ахметова Г.К., Пфейфер Н.Э., Бурдина Е.И. Азбука для начинающего учителя. – Павлодар: ПГУ, 2003. – 108 с.
21. Мынбаева А.К. История, теория и технологии научной деятельности высшей школы. – Алматы: «ИП Волкова», 2010. – 257 с.
22. Булатбаева А.А. Развитие концептуальных и прикладных основ процесса овладения магистрантами военного вуза методологией исследовательской деятельности: автореф. ... док. пед. наук. – Алматы, 2009. – 50 с.
23. Кенжебеков Б.Т. Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов в системе высшей школы: дис. ... док. пед. наук. – Алматы, 2005.
24. Турсынова Ж.Ж. Формирование профессиональной компетентности студентов в условиях производственной практики на основе информационных технологий: дис. ... канд. пед. наук. – 2010.
25. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі. – Алматы: ДООИВА, 2008. – 328 с.
26. Мизимбаева А.С. Развитие исследовательской культуры магистрантов: дис. ... доктора философии (PhD). – Алматы, 2014. – 158 с.
27. Джексембаева Г.С. Теоретические основы разработки и проектирования содержания образования на основе компетентностного подхода: дис. ... доктора философии (PhD). – Алматы, 2016.
28. Сыздықбаева А.Д. Формирование исследовательской компетентности будущего учителя начальных классов: дис. ... доктора философии (PhD). – Алматы, 2016.
29. Түйебаев М.Қ. Құзыреттілік – заманауи білім берудің жаңа парадигмасы // «Жаңа формацияда кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 2015. – Т. 1. – Б. 439–441.
30. Түйебаев М.Қ. Құзыреттілік және оны тұлға бойына қалыптастыру тәсілдері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2018. – №3 (58). – Б. 156–159.
31. Түйебаев М.Қ. Жаңартылған білім беру бағдарламасының өзекті мәселелері. – Шымкент, 2021. – 121 б.
32. Түйебаев М.Қ. Жаңа технологиялардың оқу мен оқытудағы құзыреттілікті қалыптастыруға әсері. – Шымкент, 2023. – 188 б.

REFERENCES

1. Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri DBBU. Mugalimderge arналған nusqaulyq: I-II-III deңgeiler [Teacher's guide: levels I-II-III]. – Astana: «Pedagogikalyq sheberlik ortalygy» ZhM tipografiasy, 2016. – 260 b. [in Kazakh]
2. Pecherkin A.A., Symaniuk E.E., Umnikova E.L. Razvitie professionalnoi kompetentnosti pedagoga: teoria i praktika: monografia [Development of professional competence of a teacher: theory and practice: monograph]. – Ekaterinburg: Ural. gos. ped. un-t., 2011. – 233 s. [in Russian]
3. Razuvaeva T.N. Socialno-psihologicheskaja struktura pedagogicheskogo kollektiva kak subiekta innovacionnoi deiatelnosti [The socio-psychological structure of the teaching staff as a subject of innovation activity]. – Surgut: OAO «Surgutski gosudarstvennyi pedagogicheski universitet», 2009. [in Russian]
4. Raven D. Kompetentnost v sovremenном obshestve. Vyivlenie, razvitie i realizacia [Competence in modern society. Identification, development and implementation]. – M.: Kogito- Centr, 2002. – 396 s. [in Russian]

5. Elkonin B.D. Poniatie kompetentnosti s pozici razvivaiushego obuchenia [The concept of competence from the perspective of developmental learning] // *Sovremennyye podhody k kompetentnostnoorientirovannomu obrazovaniu*. – Krasnoyarsk, 2002. [in Russian]
6. Ozhegov S.I., Shvedova N.Iu. Tolkovyy slovar russkogo iazyka [Explanatory dictionary of the Russian language]. [Electronic resource]. URL: <https://ozhegov.info/slovar/> (date of access 11.10.2024) [in Russian]
7. Choshanov M.A. Didakticheskoe konstruirovaniye gibkoi tehnologii obucheniya [Didactic construction of flexible learning technology] // *Pedagogika*. – 1997. – T. 2. – S. 21–29. [in Russian]
8. Kalnei V.A., Shishov S.E. Nepreryvnost kak princip povysheniya kvalifikatsii [Continuity as a principle of professional development] // *Vestnik RMA*. – 2016. – №2. – S. 93–97. [in Russian]
9. Novikov A.M. Integratsiya bazovogo professionalnogo obrazovaniya [Integration of basic vocational education] // *Pedagogika*. – 1993. – №3. – S. 3–5. [in Russian]
10. Kuzmina N.V. Sposobnosti, odarennost, talant uchitelia [Abilities, giftedness, talent of a teacher]. – L.: Znanie, 1985. – 32 s. [in Russian]
11. Andronova N.V. Umenie razrabatyvat psikhologo-pedagogicheskie rekomendatsii kak komponent psikhologicheskoi kompetentnosti uchitelia: avtoref. ... kand. psiol. nauk [The ability to develop psychological and pedagogical recommendations as a component of a teacher's psychological competence: abstract]. – Kazan, 2000. – 20 s. [in Russian]
12. Kostyleva N.E. Psikhologo-pedagogicheskie uslovia effektivnosti upravleniya razvitiem professionalnoi kompetentnosti uchitelia v protsesse gumanizatsii i demokratizatsii shkoly: dis. ... kand. ped. nauk [Psychological and pedagogical conditions for effective management of the development of professional competence of teachers in the process of humanization and democratization of schools: dis.]. – Kazan, 1997. – 252 s. [in Russian]
13. Rogov E.I. Uchitel kak ob'ekt psikhologicheskogo issledovaniya: Posobie dlia shkolnykh psikhologov po rabote s uchitelem i pedagogicheskim kollektivom [The teacher as an object of psychological research: A guide for school psychologists on working with teachers and teaching staff]. – M.: Gumanit. izd. centr VLADOS, 1998. – 496 s. [in Russian]
14. Dobudko T.V. Formirovaniye professionalnoi kompetentnosti uchitelia informatiki v usloviakh informatizatsii obrazovaniya: dis. ... dok. ped. nauk [Formation of professional competence of a computer science teacher in the context of informatization of education: dis.]. – Samara, 1999. – 349 s. [in Russian]
15. Volkova E.N. Subiektnost pedagoga: teoriya i praktika: dis. ... dok. psiol. nauk [Teacher's subjectivity: theory and practice: dis.]. – Moskva, 1998. – 308 s. [in Russian]
16. Isaeva Z.A. Formirovaniye professionalno-issledovatel'skoi kultury pedagoga v sisteme universitetskogo obrazovaniya: Avtoref. ... dok. ped. nauk [Formation of professional research culture of a teacher in the university education system: Abstract]. – Almaty, 1997. – 47 s. [in Russian]
17. Taubaeva Sh.T. Nauchnye osnovy formirovaniya issledovatel'skoi kultury uchitelia obsheobrazovatel'noi shkoly [The scientific foundations of the formation of the research culture of the teacher of secondary schools]. – Almaty: Alem, 2000. – 381 s. [in Russian]
18. Onalbekov E.S. Vzaimodeystvie universiteta i obsheobrazovatel'noi shkoly po organizatsii profil'nogo obucheniya uchashihsya starshei stupeni: avtoref. ... kand. ped. nauk [The interaction of the university and secondary schools on the organization of specialized education for senior students: abstract]. – Almaty, 2010. – 26 s. [in Russian]
19. Kudaibergenova A.M. Razvitiye sistemy nepreryvnoi nauchno-issledovatel'skoi raboty studentov v klassicheskikh universitetakh Respubliki Kazakhstan: dis. ... kand. ped. nauk [Development of a system of continuous research work of students at classical universities of the Republic of Kazakhstan: dis.]. – Almaty, 2010. [in Russian]
20. Ahmetova G.K., Pfeifer N.E., Burdina E.I. Azbuka dlia nachinaiushego uchitelia [ABC for a beginner teacher]. – Pavlodar: PGU, 2003. – 108 s. [in Russian]
21. Mynbaeva A.K. Istoriya, teoriya i tehnologii nauchnoi deyatelnosti vysshei shkoly [History, theory and technology of higher school scientific activity]. – Almaty: «IP Volkova», 2010. – 257 s. [in Russian]
22. Bulatbaeva A.A. Razvitiye konceptualnykh i prikladnykh osnov protsessa ovladeniya magistrantami voennogo vuza metodologiei issledovatel'skoi deyatelnosti: avtoref. ... dok. ped. nauk [Development of

- the conceptual and applied foundations of the process of mastering the methodology of research activities by undergraduates of a military university: abstract ... doctor of pedagogical sciences]. – Almaty, 2009. – 50 s. [in Russian]
23. Kenzhebekov B.T. Formirovanie professionalnoi kompetentnosti budushih specialistov v sisteme vysshei shkoly: dis. ... dok. ped. nauk [Formation of professional competence of future specialists in the higher school system: dis.]. – Almaty, 2005. [in Russian]
 24. Tursynova Zh.Zh. Formirovanie professionalnoi kompetentnosti studentov v usloviakh proizvodstvennoi praktiki na osnove informacionnyh tehnologi: dis. ... kand. ped. nauk [Formation of professional competence of students in the conditions of industrial practice based on information technology: dis.]. – 2010. [in Russian]
 25. Qudaibergenova K.S. Quzyrlylyq bilim sapasynyn kriterii: adisnamasy zhane gylymi-teorialyq negizi [Competence criterion for the quality of education: methodology and scientific and theoretical basis]. – Almaty: DOIYA, 2008. – 328 s. [in Kazakh]
 26. Mizimbaeva A.S. Razvitie issledovatel'skoi kultury magistrantov: dis. ... doktora filosofii (PhD) [Development of the research culture of undergraduates: dis.]. – Almaty, 2014. – 158 s. [in Russian]
 27. Dzheksembaeva G.S. Teoreticheskie osnovy razrabotki i proektirovaniya soderzhaniya obrazovaniya na osnove kompetentnostnogo podhoda: dis. ... doktora filosofii (PhD) [Theoretical foundations of the development and design of educational content based on a competence-based approach: dis.]. – Almaty, 2016. [in Russian]
 28. Syzdykbaeva A.D. Formirovanie issledovatel'skoi kompetentnosti budushego uchitel'ia nachal'nykh klassov: dis. ... doktora filosofii (PhD) [Formation of the research competence of the future primary school teacher: dis.]. – Almaty, 2016. [in Russian]
 29. Tuiebaev M.Q. Quzyrettilik – zama-naui bilim berudin zhana paradig-masy [Competence – a new paradigm of modern education] // «Zhana formaciada kasiptik bilim berudin ozekti maseleleri» Halyqaralyq gylymi-tazhiribelik konferencia materialdary. – 2015. – T. 1. – B. 439–441. [in Kazakh]
 30. Tuiebaev M.Q. Quzyrettilik zhane ony tulga boiyna qalyptastyru tasilderi [Competence and approaches to its formation in the personality] // Qazaqstannyn gylymy men omiri. – 2018. – №3 (58). – B. 156–159. [in Kazakh]
 31. Tuiebaev M.Q. Zhanartylgan bilim beru bagdarlamasynyn ozekti maseleleri [Current issues of the updated educational program]. – Shymkent, 2021. – 121 b.
 32. Tuiebaev M.Q. Zhana tehnologialardyn oqu men oqytudagy quzyrettilikti qalyptastyrug-a aseri [The impact of new technologies on the formation of competencies in teaching and learning]. – Shymkent, 2023. – 188 b. [in Kazakh]